

ТУЕНБАЕВА ҚАЛИМА ТӨЛЕУБАЙҚЫЗЫ

Білім беру порталы жағдайында мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестік әдістемесі

13.00.02 – Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі
(бастауыш, орта және жоғары білім беру жүйесіндегі ақпараттандыру)

Педагогика ғылымдарының кандидаты
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның

АВТОРЕФЕРАТЫ

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2010

Жұмыс Ұлттық ақпараттандыру орталығында орындалған

Ғылыми жетекшілері	педагогика ғылымдарының докторы Г.Қ.Нұрғалиева педагогика ғылымдарының докторы Ж.Қ.Нұрбекова
Ресми оппоненттері	педагогика ғылымдарының докторы С.С.Үсенов педагогика ғылымдарының кандидаты Г.А.Мадьярова
Жетекші ұйым	Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

Қорғау 2010 жылы «30» қазан күні сағат 10.00-де Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті жанындағы педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі БД 14.08.04 біріккен диссертациялық кеңесінде өтеді. Мекен-жайы: 050022, Алматы қаласы, Мұратбаев көшесі, 200, 208 мәжіліс залы.

Диссертациямен Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің (050022, Алматы қаласы, Мұратбаев көшесі, 200) және Ұлттық ақпараттандыру орталығының (050036, Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 61а) кітапханасында танысуға болады.

Автореферат 2010 жылы «30» қыркүйекте таратылды.

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы

А.К. Қозыбай

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының көкейкестілігі. Президент Н.А.Назарбаевтың ел дамуының стратегиялық басымдылығын анықтаған Қазақстан халқына жолдауында ХХІ ғасырда экономикалық және әлеуметтік секірістің жетекші факторы: «адамдардың өзі, олардың ерік-жігері, энергиясы, табандылығы, білімі», ал қоғам дамуының негізгі қағидасы «бірінші кезекте білімділік деңгейімен анықталатын ұлттың бәсекелестік қабілеті» болып саналады деп атап көрсетілген.

Бүгінгі күні қоғамды қарқынды ақпараттандыру үдерісі әрбір адамның, оның ішінде жалпы білім беретін мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетін интеллектендіруді қарастырады. Қоғамды ақпараттандырудың негізгі салдарының бірі коммуникацияны виртуалдандыру болып саналады. Виртуалдық коммуникация Интернет дәуіріндегі өзара әрекеттестік дамуының кезекті кезеңі болып саналып, ең алдымен адамзат қарым-қатынасының тікелей емес формасын пайдалану және ақпаратты алу мен оны өнімге айналдыру тәсілімен және ақпарат көздерін кеңейтумен, қоғамдағы білім берудің рөлін өзгертумен ерекшеленеді.

Қоғамдағы болатын өзгерістерді есепке алу мақсатымен виртуалдық және шынайы білім беру кеңістігін біріктіру қажеттілігі мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестік шарттары мен тәсілдерін зерттеу мәселелерінің көкейкестілігін көрсетеді. Осыған орай, кәсіби виртуалдық кеңістік ретінде білім беру порталының қызмет етуі мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігін білім беру порталы жағдайында қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың, Интернет желісінің дамуы мен кең таралуы жағдайында, бүгінгі қоғам білім беру жүйесінің алдына оқыту үдерісін ақпараттандыру міндеттерін қояды. Олар білім беру порталы тұрғысынан мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестік қабілеті мен оларға әдістемелік қолдау көрсету қажеттілігіне байланысты болады. Ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды оқыту үдерісіне енгізу мен оның тәжірибелік талдануы электрондық оқу басылымдары мен Интернет-қорларын толықтырып қана қоймай, сонымен қатар пән мұғалімдеріне сабақ барысында жұмыс істеу әдістері мен нысандарды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін ерекше ортада жүзеге асырылатынын көрсетеді.

Білімді ақпараттандыру мәселелерін шешуде Қазақстанда Г.Б.Ахметова, Б.Б.Баймұханов, Т.О.Балықбаев, Е.Ы.Бидайбеков, В.В.Гриншкун, Д.М.Жүсібалиева, С.С.Құнанбаева, Е.Ө.Медеуов, Е.А.Нәбиев, Г.Қ.Нұрғалиева, Ж.Қ.Нұрбекова, Ә.І.Тәжіғұлова, С.С.Үсенов, А.Т.Чакликова, сондай-ақ А.Қ.Козыбай, бағдарламалық құралдарды пайдаланудың әдістемесін жасау мәселелерін Е.В.Артықбаева, Г.А.Мадьярова, Ж.М.Түсібаева және т.б. ғалымдар елеулі үлес қосқан. Сонымен қатар, келесі шетел ғалымдарының И.В.Вострокнутов, С.Г.Григорьев, П.Деннинг, Е.Дейкстра, В.П.Демкин, С.А.Жданов, А.Ю.Кравцова, Д.Коллинс, Д.Кнут, Г.А.Краснова, В.В.Лукин, Е.С.Полат, С.Пейперт, И.В.Роберт, И.Н.Скопин, О.Г.Смолянинова, А.Н.Тихонов, И.И.Трубина, Б.Хантер, С.А.Щенников және т.б. ғалымдардың

еңбектерін атап өтуге болады. М.В.Булгаков, Е.Г.Гридина, А.Д.Иванников, В.П.Кулагин, С.Л.Лобачев, В.И.Солдаткин, А.Н.Тихонов еңбектерінде білім беру порталдары мен сайттарын жобалаудың ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылған.

Мұғалімдердің өзара әрекеттестігі жайында С.Н.Конева, Ю.В.Ээльмаа және өзге де ғалымдардың еңбектерінде, сонымен бірге қашықтықтан өзара әрекеттестік жайында Д.М.Жүсібалиева, Е.Д.Патаракин, Г.К.Ізтлеуова, Е.М.Комаревцев, Л.А.Пескова, В.А.Полякова, Е.А.Спирина, мұғалімдердің қашықтықтан қатынастығы жайында Л.А.Витвицкая, Г.Б.Таутаева және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Профессор Г.Қ.Нұрғалиева және оның ғылыми мектеп өкілдерінің (Д.М.Жүсібалиева, Г.Б.Ахметова, Ә.І.Тәжіғұлова және т.б.) қашықтықтан өзара әрекеттестік және инфокоммуникациялық орта бойынша алынған ғылыми нәтижелері ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық негізін құрайды.

Мектептерді ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар құралдарымен жабдықтау және оларды пайдалану негізінде оқытудың жаңа формасы – қашықтықтан оқытудың пайда болуы мұғалімдерді білім беру порталы жағдайында жұмыс істеуге дайындауды да көздейді.

Интернет пен білім беру порталдары қашықтықтан педагогикалық өзара әрекеттестік тәжірибе алмасу және т.б. мүмкіндіктерді тудыра отырып, мұғалімдерді портал жағдайында әртүрлі әдістермен оқытудың, Интернет-қорларын пайдаланудың, қашықтықтан кеңес берудің, қашықтықтан тренингтер жүргізу, вебинар, бейне-конференцияларға қатысу мен оларды өткізудің виртуалдық әдістемелік бірлестіктерін ұсынады.

Алайда, мұғалімдердің көпшілігі өзінің кәсіби іс-әрекеттерінде білім беру порталдарының мүмкіндіктері мен контентін пайдалана алмайды және қашықтықтан іс-шараларды жүйелі түрде жүргізе алмайды. Жалпы алғанда, мұғалімдердің білім беру порталы жағдайындағы кәсіби іс-әрекеті жеткілікті түрде анықталмағандықтан, мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігінің ғылыми-әдістемелік негіздері жеткілікті түрде зерттелінбеген.

Жоғарыдағы айтылғандар мұғалімдердің білім беру порталы жағдайында қашықтықтан өзара әрекеттестік әдістемесін анықтау қажеттілігін, білім беру порталының мүмкіндіктерін пайдалану және мұғалімдердің кәсіби дайындығын жетілдіру қажеттілігі мен білім беру порталы жағдайында мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігін ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерінің қарастырылмағандығы арасында **қарама-қайшылық** бар екендігін көрсетеді.

Осы келтірілген қарама-қайшылықтан мұғалімдердің білім беру порталы жағдайында қашықтықтан өзара әрекеттестікті ұйымдастырудың шарттары мен негізделген әдістемесі қандай деген **зерттеу мәселесі** туындайды.

Жоғарыда келтірілген зерттеу мәселесі мен көрсетілген қарама-қайшылықты шешу зерттеу тақырыбының көкейкестілігін анықтайды.

Зерттеу мақсаты – білім беру порталы жағдайында мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестік әдістемесін жасау.

Зерттеу нысаны – білім беру порталы жағдайында мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестік үдерісі.

Зерттеу пәні – білім беру порталы жағдайында мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігінің әдістемесі.

Зерттеудің ғылыми болжамы: *егер*, мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігінің түрлері бойынша жіктемесі мен білім беру порталы жағдайындағы іс-әрекетін құрылымдау мен мазмұнын анықтау тұрғысынан қашықтықтан өзара әрекеттестіктің ғылыми негіздерін анықтаса, білім беру порталы жағдайында мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігінің моделін құрса, интерактивті кері байланысты қамтамасыз ететін өзара әрекеттестіктің әртүрлі әдістері мен білім беру порталы контентінің динамикалығын ескеретін мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестік әдістемесін жасап, солардың негізінде мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігі ұйымдастырылса, *онда* бұл білім беру порталы жағдайында мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестік сапасын арттыруға ықпал жасайды, өйткені мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын ескеретін, қазіргі ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар деңгейіне сәйкес білім беру порталы жағдайындағы қашықтықтан өзара әрекеттестіктің ғылыми негізделген әдістемесі жүзеге асырылады.

Зерттеудің мақсаты, пәні және ғылыми болжамы келесі зерттеу міндеттерін қойып, шешу қажеттігін анықтады:

– білім беру порталдарын жасау мен дамыту аумағындағы педагогикалық зерттеулерді талдау;

– білім беру порталын мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестіктің инфокоммуникациялық ортасы ретінде зерттеу;

– білім беру порталын жасау мен дамытудың теориясын зерттеу негізінде мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігінің ғылыми негіздерін анықтау;

– білім беру порталы жағдайында мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігінің моделін жасау;

– интерактивті кері байланысты қамтамасыз ететін өзара әрекеттесудің әртүрлі әдістері мен білім беру порталы контентінің динамикалығын ескеретін мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестік әдістемесін жасау;

– мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестік әдістемесінің тиімділігін эксперименттік дәлелдеу.

Зерттеудің жетекші идеясы: кері байланысты ұсынуды, білім беру порталының контентін динамикалық толықтыру мен ілгері жылжуын ескеретін білім беру порталы жағдайындағы субъектілердің қашықтықтан интерактивті өзара әрекеттестігінің әдістемесін дайындау, білім беруді ақпараттандыру жағдайында олардың әдістемелік даму факторларының бірі ретінде мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік туғызатын болады.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін педагогикалық білімнің әдіснамасы жайлы іргелі дидактикалық зерттеулер, атап айтқанда жүйелілік тәсіл (Н.В.Кузьмина), кәсіби даму менеджменті тұжырымдамасы (А.И.Каптеров), қабылдау нысанын категориялау мен ойлау әрекетін кезеңмен

қалыптастыру теориясы (В.П.Беспалько), білім берудегі ақпараттық-телекоммуникациялық құралдарын қолдану әдіснамасы (И.В.Роберт, О.К.Тихомиров, М.П.Швецкий), ақпараттық коммуникациялық технологияны мектеп тәжірибесіне енгізу әдіснамасы мен технологиясы (Е.Ы.Бидайбеков, Г.Қ.Нұрғалиева, Ә.І.Тәжіғұлова, И.В.Роберт және т.б.), болашақ мамандардың желілік даярлығын қалыптастыру (Г.Б.Ахметова) ашық білім беру әдіснамасы, қашықтықтан оқыту теориясы (Е.С.Полат, С.А.Щенников) және басқа теориялар мен әдістер құрайды.

Зерттеу базасы: Ұлттық ақпараттандыру орталығының оқыту базасы, Қ.Нұрғалиев атындағы Боран көпсалалы мектеп-гимназиясы, Түркістан қаласындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің Кентау институты.

Зерттеу көздері ретінде білім беруді ақпараттандыру туралы нормативтік құжаттар, зерттеу тақырыбына байланысты психологиялық және педагогикалық әдебиеттер, Интернет ресурстары, эксперименттік жұмыстар, озат мұғалімдердің іс-тәжірибесі, автордың өзінің жеке жұмыс тәжірибесі, оқу бағдарламалары, оқу-әдістемелік кешендер, электрондық оқулықтар, білім беру порталдары алынды.

Зерттеу мәселелерін шешу барысында келесі ғылыми-зерттеу әдістері қолданылды: білім беруді ақпараттандыру, ғылыми және әдістемелік әдебиеттерді талдау, теориялық талдау, модельдеу, сауалнамалар, сұхбаттар, сұрақ-жауап, компьютерлік диагностика, жинақтап қорытындылау, оқу үдерісінде Интернет-ресурстарды пайдалану кезінде оқытушы әрекетін сырттан бақылау, мұғалімдердің сабақтарда компьютерді пайдалану тәжірибесін зерттеп білу, педагогикалық эксперимент және мәлімет алу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

– мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігінің түрлері бойынша жіктемесі мен білім беру порталы жағдайында оларды құрылымдау мен мазмұнын анықтау тұрғысынан мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігінің ғылыми негіздері анықталды;

– білім беру порталында интерактивті кері байланысты қамтамасыз ететін өзара әрекеттестіктің әртүрлі әдістері мен білім беру порталы контентінің динамикалығын ескеретін мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігінің моделі жасалынды;

– білім беру порталы жағдайында мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестік әдістемесі жасалынды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: қашықтықтан өзара әрекеттестігінің түрлері бойынша жіктемесі мен білім беру порталы жағдайындағы іс-әрекетін құрылымдау мен мазмұнын анықтау тұрғысынан мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігінің ғылыми негіздері анықталды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: білім беру порталында интерактивті кері байланысты қамтамасыз ететін өзара әрекеттестіктің әртүрлі әдістері мен білім беру порталы контентінің динамикалығын ескеретін, мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігін ескеретін модель негізінде білім беру порталы жағдайында мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестік

әдістемесінің жасалуында. Бұл әдістеме мектеп ішілік және білім беру мекемелері мен оқу орындары арасында қашықтықтан жүргізілетін әртүрлі оқу әдістемелік, тәрбиелік шараларды өткізуде қолданылуы мүмкін.

Ұсынылып отырған әдістеме Ұлттық ақпараттандыру орталығының «Шалғайдағы аймақтардың мектептері үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланып қашықтықтан оқыту» атты ЮНЕСКО жобасы аясында жасалынған Ұлттық ақпараттандыру орталығында «Modular object Oriented Digital Learning Environment (Moodle) – <http://moodle.nci.kz> порталында жүзеге асырылды.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің шынайылығы диссертацияның негізгі нәтижелері мен қорытындылары қазіргі заманғы педагогика, психология мен дидактиканың, білімді ақпараттандыру қағидаларына сәйкес және мұғалімдердің білім беру порталдарында әрекеттестік әдістемесіне сүйене отырып құрылған зерттеу жұмысынан, зерттеліп отырған мәселеге жасалған теориялық талдаудан, порталға тіркелген субъектілер мен порталды қолданушылар санының өсуінен, экспериментке алынған <http://moodle.nci.kz> порталының қарым-қатынас құру мүмкіндіктерін пайдаланудың әдістемесінің тексеруден өткендігінен, зерттеу жұмысының нәтижелерінің мұғалімдердің іс-тәжірибелерінде кеңінен пайдаланып, субъектілердің арасында кері байланыстың орнауынан шығады.

Зерттеу кезеңдері: зерттеу бір-бірімен байланысты үш кезеңнен тұрады.

Бірінші кезеңде (2006-2007 ж.ж.) – қойылған проблемаға байланысты психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттер зерделеніп, талдау жасалынды, оқыту порталдарының құрылымы және олардың функционалдық мүмкіндіктері анықталды, қалыптастыру эксперименті үшін мұғалімдермен әңгіме-кеңестер жүргізіліп, ғылыми аппараты дайындалды.

Екінші кезеңде (2007-2008 ж.ж.) – «Шалғайдағы аймақтардың мектептері үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланып қашықтықтан оқыту» ЮНЕСКО жобасы аясында Ұлттық ақпараттандыру орталығының «Modular object Oriented Digital Learning Environment (Moodle) – <http://moodle.nci.kz> — қашықтан оқыту порталында мұғалімдердің жекелей блогтары ашылып, мектеп пәндері бойынша курстар жасалынып, сол курстарға байланысты жеке тақырыпта өзара әрекеттестіктің әдістемелік ережелері талқыланып белгіленді, қалыптастыру экспериментін жүргізуге қажетті бағдарламалар әзірленді; ЮНЕСКО институтының білім берудегі жана ақпараттық технологиялар бойынша мониторингтік зерттеулері шеңберіндегі жұмыстар атқарылды.

Үшінші кезеңде (2008-2010 ж.ж.) – зерттеу жұмысының негізгі теориялық мәселелері нақтыланып, дайындалған әдістеменің тиімділігін тексеру мақсатында білім беру порталында өзара әрекеттестікті ұйымдастыру эксперименті жүргізілді. Алынған эксперимент материалдары сараланып өңделіп, зерттеу жұмысының нәтижелеріне ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау және интерпретациялау жасалды, қорытындылар негізделіп анықталды, диссертацияны рәсімдеу жұмыстары орындалды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

– мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігінің түрлері бойынша жіктемесі мен білім беру порталы жағдайында оларды құрылымдау мен мазмұнын анықтау тұрғысынан мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігінің ғылыми негіздері;

– білім беру порталында интерактивті кері байланысты қамтамасыз ететін өзара әрекеттестіктің әртүрлі әдістері мен білім беру порталы контентінің динамикалығын ескеретін мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігінің моделі;

– білім беру порталы жағдайында мұғалімдердің іс-әрекеттік негізінде жасалынған қашықтықтан өзара әрекеттестік әдістемесі білім беру порталының интерактивтілігін, кері байланысты қамтамасыз ететін өзара әрекеттестіктің әртүрлі әдістері мен білім беру порталы контентінің динамикалығын ескеріп, мұғалімдердің қашықтықтан кәсіби тиімді өзара әрекеттестігін қамтамасыз етеді.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу мен іс-тәжірибеге енгізу

Зерттеудің негізгі мәселелері мен нәтижелері Ұлттық ақпараттандыру орталығында өткен ғылыми-әдістемелік конференцияларында, семинарларда, тренингтік курстарда, 2007 жылы Душанбе қаласында өткен «Еркін бағдарлық жасақтамаларды дамытуды қолдау (СОПО/FOSS)» атты Евразиялық конференцияда, 2008 жылы Алматыдағы ЮНЕСКО Кластерлік кеңсесінің қолдауымен «Әрбір мұғалімге USB-сервер» атты Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институт (ББЖ КБАРИ) мамандарына өткізілген тренингтік курста, 2009 жылы Алматы қаласының физика-математика, информатика мұғалімдерінің дәстүрлі тамыз конференциясында, 2010 жылы Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институтында өткізілген «Қашықтықтан оқыту технологиясын ұйымдастыру» атты тренингтік курста, 2010 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің Кентау институтының оқытушыларымен өткен «Қашықтан оқыту еркін бағдарлық жасақтамалар» атты тренингтік курста талқыланды. Moodle платформасында Кентау институтының <http://do.yesevi.edu.kz/moodle/> қашықтан оқыту порталы іске қосылды. Қ.Нұрғалиев атындағы көпсалалы мектеп-гимназиясында <http://doaulmektevi.kz> порталы ашылып, қазіргі уақытта 450-ден аса тіркелген тұтынушылары бар.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысының негізгі қағидалары мен нәтижелері ғылыми баяндама түрінде Алматы қаласында Ұлттық ақпараттандыру орталығы өткізген «Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың» IV Халықаралық форумында (2006), С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіндегі «VII Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференцияда (2007), Өскемен қаласында өткен «Білім инновациясы ақпараттық-қатынастық технологиялар» атты Халықаралық ғылыми конференцияда (2009) баяндалып, жан-жақты талқыланды.

Ізденушінің қосқан жеке үлесі: «ҚР ақпараттық теңсіздікті төмендетудің 2007 – 2009 жылдарға арналған бағдарламасын» және өзге де мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарды әзірлеудегі жұмыс тобының жұмысына

қатысты. Ұлттық ақпараттандыру орталығында жасалынған <http://moodle.nci.kz> порталын жасап әкімшілік етеді.

Диссертация құрылымы: диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жұмыстың «Білім беру порталдарын құрудың және дамытудың теориялық негіздері» атты 1-ші бөлімінің «Білім беру порталдарын жасау мен дамыту аумағындағы педагогикалық зерттеулер» атты 1.1 тармағында білім беру порталдарын жасау және даму жолдарын талдау, оның постиндустриалдық қоғам мүшесінің кәсіби іс-әрекетіне және интеллектуалды дамуына әсер ететіні және қашықтықтан өзара әрекеттестіктердің жүзеге асыруына мүмкіндіктердің де, сұраныстардың да артып келе жатқаны көрсетілді.

Интернет-технологиялар көмегімен жүзеге асырылатын ақпарат алмасу ретінде көрсетілетін компьютерлік желідегі қашықтықтан өзара әрекеттестіктің келесі модельдері белгілі: электронды пошта арқылы пошталық хаттармен алмасу (бірдің – бірге); хат жіберу тізіміндегі пошталық хаттармен алмасу (көптің – көпке); Интернет пайдаланушылар мен веб-сайттар авторлары арасындағы хат алмасулар (көптің – бірге және бірдің – көпке). Мұнда ғылыми және оқу-әдістемелік ақпараттармен алмасуға арналған портал технологиясын қосып айтуға болады. Портал білім беру үдерісінің барлық деңгейлерінде корпоративтік деңгейден бастап, аймақтық, республикалық деңгейге дейінгі ақпарат көздерінің интеграциялық қызметін атқара алады. Ғылыми еңбектерді талдау негізінде білім беру порталдарын құру ақпараттың логикалық реттеуге, оның жүйеленуі мен құрылымдануына септігін тигізетіні анықталды. Бірқатар еңбектерде (М.В.Булгаков, Е.Г.Гридина, Д.Иванников, В.П.Кулагин, С.Л.Лобачев, В.И.Солдаткин, А.Н.Тихонов) алынған ақпараттық білім беру порталдарды жобалаудың ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылған.

Білім беру порталын жасаудың негізгі мақсаты – Интернет ортасында ұйымдастырылған, бірыңғай типтік технологиялар негізінде білім ресурстары мен қызметтерін білім беру порталында мұғалімдердің қай жерде орналасқанына тәуелсіз ақпаратты-білім ресурстарына қол жеткізіп, әртүрлі алдыңғы қатарлы ғылыми әдістемелік орталықтарында қашықтықтан өзара әрекеттесу негізінде біліктіліктерін жетілдіріп, кәсіби-педагогикалық қажеттіліктерін максималды қанағаттандыру болып табылады.

Жұмыстың «Білім беру порталы – мұғалімдердің инфокоммуникациялық өзара әрекеттестік ортасы» атты 1.2 тармағында оқу-тәрбиелік және өздік білім алу үдерістерінің жиынтығы ретінде құралған білім беру үдерісі – бұл көп жоспарлы немесе полиморфты өзара әрекеттестікті көрсететіні анықталды. Бұл өз кезегінде оқушы мен оқытушы арасындағы оқу-педагогикалық өзара әрекеттестік деген сөз; сонымен бірге, оқушылар арасындағы өзара әрекеттестік және оқу-тәрбиелік өзара әрекеттестікке түрліше әсер ете алатын, жеке тұлғалар арасындағы өзара әрекеттестік. Білім беру үдерісінің тиімділігі білім беру үдерісіндегі субъектілердің өзара әрекеттестік тиімділігіне тікелей байланысты болады. Өзара әрекеттестік түрлерінің арасында – адамдармен

қатынасу (субъект – субъектің өзара әрекеттестігінің арнайы формасы) және бірігіп жүзеге асырылатын іс-әрекет (субъект – нысан – субъектің өзара әрекеттестігінің арнайы формасы) ерекше орын алады. Дәстүрлі өзара әрекеттестіктің даму кезеңі ретінде виртуалдық коммуникация білім беру порталы жағдайында мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігін қарастырады.

Интернет торындағы білім беру порталдарының www.portal.edu.kz, <http://krupskaya.org>, www.web100.kz, <http://freeschool.ucoz.kz>, www.univer.kz, www.do.ektu.kz, www.kazntu.kz, <http://goto.kz>, мектеп оқушыларына білім беру сайттары мен порталдар: <http://www.uchi.kz>, <http://www.edualmaty.kz>, <http://videokurs.kz/>, <http://amanzholov-sch.ucoz.kz/>, <http://lexika.kz>, <http://mektepkz.ucoz.kz/>, <http://mathematik.ucoz.kz/>, <http://refa.kz> және де басқалардың сараптамасы білім беру үдерісі субъектілерінің өзара әрекеттестігіне арналған функционалдық мүмкіндіктердің шектелуін және олардың мазмұн жағынан сапасының төмендігін көрсетті. Мұның бәрі білім беру порталдарын құру мен дамыту мәселелерін ғылыми зерттеуді талап етеді.

Зерттеу нәтижесінде, өзара әрекеттестік ситуацияларын жасау үшін келесі жағдайлардың болуына септігін тигізетін шарттарды жобалау қажеттігі анықталды: өзара әрекеттестікті ұйымдастырудың түрлі деңгейлерінде шешім қабылдау барысында іс-әрекеттердің талқылануы мен орындалуына, білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының белсенді қатысуы; білім берудің барлық субъектілерінің зерттеуші тұрғысында болуы; тұрақты кері байланысты алуды қарастыратын тәртіпті нысандандыру.

Жұмыстың «Білім беру порталын ұйымдастыру моделі» атты 1.3 тармағында, білім беру порталы жағдайында қашықтықтан өзара әрекеттестігін нақты бағытталған ұйымдастыру арқылы мұғалімдер қызметтерінің әдістемелік кемелдендірудің бір тәсілі ретінде – білім беру жағдайларында субъектілердің өзара әрекеттестігінің моделі ұсынылды. Қоғамды ақпараттандыру үдерісінің динамикалық дамуы адам қызметінің барлық салаларындағы еңбекті ұйымдастыру мен сипатының, оның ішінде мұғалімдердің дайындығына жаңа әлеуметтік талаптардың өзгеруіне әкеледі. Мұғалімнің базалық кәсіби-педагогикалық дайындығы қалыптасқан деп есептеледі. Ал, Интернет әлемінің пайда болуына байланысты қазіргі таңда мұғалімнен инфокоммуникациялық орта мүмкіндіктерін пайдалана отырып, кәсіби мәселелер мен кәсіби-педагогикалық қызметте кездесетін кәсіби талаптар мен мәселелерді шешуді талап етіледі.

Инфокоммуникациялық ортаның мүмкіндіктері мұғалімдерге уақыт пен кеңістікке тәуелсіз интерактивті сұхбаттасуды, қашықтықтан өзара әрекеттестіктің мол мүмкіндіктерін ұсынады. Өзара әрекеттестік – бұл әрқайсысы бір-бірімен тығыз байланыста болатын кемінде екі нысанның бір-біріне әсері екені белгілі. Өзара әрекеттестіктің негізгі формалары – бірлесіп жұмыс жасау, сұхбаттасу, қатынасу болып табылады. Адамдардың өзара әрекеттестігінде ұғыну мен мақсаттылығы сияқты сипаттары байқалады. Бұлар өз кезегінде өзара әрекеттестік пен сұхбаттасудың формаларын қалыптастырады. Білім беру порталы жағдайында мұғалімдердің қашықтықтан


өзара әрекеттестік әдістемесінің ғылыми негізде жасау мұғалімдердің кәсіби виртуалды қауымдастығы моделін құрудың негізі болады. Қазақстандық білім беру порталы, Ресейлік білім беру порталы, Жалпы Ресейлік интернет-педагогикалық кеңес, Мұғалімдердің Интернет-мемлекеті, Шығармашыл мұғалімдер желісі, Еуропалық мектептік желісі, Ұлыбритания, Германия, Швеция, Канада және басқа мемлекеттердің білім беру порталдары сияқты жергілікті және шет елдік білім беру қауымдастықтарының жұмыстарын талдау нәтижесінде оң тәжірибе жалпыланды. Қашықтықтан кеңес беру, қашықтықтан тренингтер жүргізу, қашықтықтан олимпиадалар өткізу, форумдардағы сұхбаттасулар, сабақ жоспарларын талқылау, желілік жобаларды іске асыру арқылы тәжірибемен алмасу, модераторлар жұмысы, рубрикаларды жетекшілік жасау және тағы басқа мұғалімдердің өзара әрекеттестіктегі іс-әрекеттердің жеке түрлері анықталды.

Оқыту үдерісі субъектілерінің қашықтықтан өзара әрекеттестігіне арналған білім беру порталы қызметінің негізгі міндеті – бұл ғылыми-педагогикалық бағыттағы, қолдағы бар үлестірілген ақпараттық ресурстарын оңтайлы қолдану негізінде оқу үдерісіне қажетті барлық шарттарын қанағаттандырып, қажеттіліктерін қамтамасыз ету болып табылады.

Жоғарыдағы айтылғандарды ескере отырып, ұйымдастырушы және атқарушы блоктардан тұратын білім беру порталының ұйымдастырушы құрылымы анықталды. Педагогикалық тұрғыда өзара әрекеттестік білім беру мен тәрбие үдерістерін анықтайтыны белгілі. Осы екеуі мақсат пен мазмұн, педагогикалық іс-әрекеттің әдістері мен формалары, педагогикалық үдерістің қозғаушы күштері мен іс-әрекет мақсаттарына байланыста болады. Бұл үдеріс негізінде, қазіргі таңда оқушы – сыртқы іс-әрекеттер мен әсерлер нысаны ретінде емес, өзгерістер субъектісі, оқу үдерісіне қатысушысы, шығармашыл тұлға ретінде қарастырылады (В.П.Беспалько, М.В.Кларин, В.Ф.Шаталов). Осыған байланысты 1-ші суретте көрсетілген білім беру порталының негізі қызметтері бейнеленген.

Білім беру порталының негізгі қызметтеріне: білім беру кеңістігінің жүйелі дамуы мақсатында электрондық ресурстардың интеграциясы, оқу үдерісінде жаңа электрондық білім беру өнімдерін қолдану, Интернет-орта мен аймақтық білім беру мекемелеріндегі білім беру ресурстарын айқындау, сонымен қатар, портал серверінде электрондық ресурстар мен оларға сілтемелердің сақталуы, ресурстардың жіктелуі мен жүйеленуі (оларды рецензиялау, тақырыптық рубрикалау, метасипаттау карточкаларын құрастыру), ресурстарды сипаттауда стандарттарға сәйкес метамағлұматтар базасын құру (метабелгі, жарлық, библиографиялық сипаттау және т.б.), электрондық білім беру ресурстарын іздеудің интуитивті түсінікті жүйелерімен қамтамасыз ету, іздеу, жаңа электрондық ресурстарды жасау және порталда орналастыру, оқу-әдістемелік және ғылыми ақпарат жіберу сервисін ұйымдастыру, білім беру үдерісінің мәселелерін ұжымдық талқылауды ұйымдастыру (on және off-line режимдеріндегі форумдар, бейнеконференциялар, кеңестер). 2-ші суретте, порталдың жоғарыдағы ерекшеліктерін ескертін білім беру порталының моделі

келтірілген, ал порталдың өзі мына мекен-жайда орналасқан:
<http://moodle.nci.kz>



Сурет 1 – Субъектілердің өзара әрекеттестігі. (мұғалім, оқушы және т.б.)

Білім беру порталының негізгі блоктары және олардың өзара әрекеттестігі, ақпараттық ресурстарының түрлері көрсетілген 3-ші суреттен өзара әрекеттестікке қатысушылардың үлкен саны мен ақпараттың үлкен көлемі, ақпарат ағымының барынша белсенділігін арттыруды, яғни оқу-әдістемелік материалдарды даярлаудың жаңа моделдерін жасауды және оларды педагогикалық технологиялар мен қазіргі заманғы ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды қолдану негізінде қолданушыларға жеткізуді талап етеді.

Диссертациялық зерттеу барысында мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестік моделі алынды. Білім беру порталы жағдайында мұғалімдердің

қашықтықтан өзара әрекеттестік моделі деп, еркін қосылу мүмкіндігі бар кәсіби бағытталған ақпараттық-тақырыптық ресурстары, сонымен қатар, қатысушылардың кәсіби өзара әрекеттестігі мен өзара хабарласуын қамтамасыз ететін интерактивтік құралдары құрамына кіретін виртуалдық кеңістікті айтамыз.




Сурет 2 – Білім беру порталының моделі

Оқытушы іс әрекетін модельдеуде қазіргі таңдағы ақпараттық модельдеу технологиясы мен әдістерін қолдану аса маңызды. Ақпараттық және ақпараттық-логикалық модельдеу әдістері негізінде білім беру порталының бағдарламалық модульдерін құруда қолданылады. Берілген материалдың модульдігі мен білім беру порталы контентінің динамикалығы білім беру жағдайында білім беру ортасы субъектілерінің қашықтықтан өзара әрекеттестігін ұйымдастыру үшін паттерндік желілер теориясын қолдануды қажет етеді.

Мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестік моделінің (3-ші сурет) құрылымы пәндік аумақтың мамандарымен және білім беру ортасының субъектілерінің білім беру порталы жағдайында қашықтықтан кәсіби байланыстарын жүзеге асыратын өзара әрекеттестік аумағын көрсететін

бөлімдер, рубрикалар мен ресурстардан және сәйкес ақпараттық ағымдардан тұрады.




Сурет 3 – Мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігінің моделі

Жұмыстың «Білім беру порталы жағдайында мұғалімдердің өзара әрекеттестігін ұйымдастыру әдістемесі» атты екінші бөлімінің «Эксперименталды білім беру порталының мазмұндық сипаттамасы» атты 2.1 тармағында білім беру порталының сипаттамасы, технологиясы мен практикалық іс-әрекеттер жүргізу мүмкіндіктері сипатталған.

Ұлттық ақпараттандыру орталығында педагогика ғылымдарының докторы, профессор Г.Қ.Нұрғалиеваның басшылығымен, 2006 жылы телекоммуникациялық тақырыптық жобалардан бастау алған мұғалімдерге арналған білім беру порталдарын құрудың алғашқы қадамдары жасалды. Білім беру порталы жағдайында мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігін ұйымдастыру бойынша тәжірибелік жұмыстың даму барысы осы диссертациялық зерттеуде жалғасын тапты. Жасалынған білім беру порталының моделі (2-ші сурет) мен мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестік моделі (3-ші сурет) негізінде 4-ші суретте интерфейсі көрсетілген мұғалімдерге арналған портал (<http://moodle.nci.kz>) құрылды.

Жұмыстың «Мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігінің түрлері мен әдістері» атты 2.2 тармағында мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестіктің түрлері, құралдары мен әдістері қарастырылды. Мұғалімдердің кәсіби дайындығына, білім беру порталының дидактикалық қасиеттері мен қызметіне қойылатын талаптар ескеріліп қашықтықтан өзара әрекеттестік барысында жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің негізгі мазмұны іріктеліп алынды.



Сурет 4 – Мұғалімдерге арналған білім беру порталы <http://moodle.nci.kz>

Білім беру порталының мазмұны және мұғалімдердің өзара әрекеттестігінің түрлері 1 кестеде көрсетілген. Олар ұйымдастырушылық формаларын және пәндерді оқыту әдістерін жетілдіруге, сондай-ақ, өздігінен білім алуға, сабақ берудің отандық және шетелдік тәжірибелерін оқып білуге,

мамандармен on/off-line режимінде тәжірибе алмасуға, басқа да сілтемелерге кіруге, кәсіби мәселелер бойынша кеңес алуға, мұғалімдердің кәсіби дайындығын жетілдіруге бағытталған.

1 кесте – Білім беру порталының мазмұны және өзара әрекеттестіктің түрлері

Портал бөлімдерінің атауы	Өзара әрекеттесудің мазмұны	Порталдың элементтері, құралдары	Өзара әрекеттестіктің мақсаты
Қашықтықтан кеңес беру	Ортақ, тақырыптық, бірге (жұмыс)	Форумдар, чаттар, ақпараттық материал, сауалнамалар	Сұрақтар тобы бойынша кеңес беру
Қашықтық семинарлары	Рөлдік ойын «Заманауи мұғалім», «Әдіскер»	Форумдар, чаттар, ақпараттық материал, сауалнамалар	Нақты мағыналы сұрақтарды талқылау
Қашықтық олимпиадалары		Тәжірибелік тапсырмалар, тесттер, сауалнамалар	Шығармашылық шеберлікті қалыптастыру (креативті)
Қашықтық тренингтері	«Сабақты жеке түзету» динамикалық консилиумы (мұғалімдер сұранысы бойынша), шағын педагогикалық кеңес	Форум, чат, негізгі ақпараттық материалдар, сауалнамалар, тесттер, тәжірибелік тапсырмалар	Маташеберлікті, яғни түрлі пән салаларында ортақ шеберлікті қалыптастыру
Қашықтық курстары	«Электрондық оқулықты пайдаланудың әдістемесі», «Өзіндік оқуға арналған оқу материалдарын жобалау»	Форум, чат, негізгі ақпараттық материалдар, сауалнамалар, тесттер, тәжірибелік тапсырмалар, глоссарий	Білім жүйесін және шеберлікті қалыптастыру, тәжірибе игеру
Әдістемелік жинақ сандықша – электрондық оқулықтар – виртуалдық ашық сабақтар; – электрондық дидактикалық материалдар; – флип-чарттар, электрондық плакаттар – глоссарий Жұмыс дәптері Сауалнама (сұрақ қою) Тест	Әдістемелік құжаттарды әзірлеуде ынтымақтастық жасау	Түсіндірме беруге мүмкіншілігі бар жеке бөлінген мәтіндік редактор	Ұжымдық жұмысты ұйымдастыру, жобалық қызмет атқару Әлеуметтік сұрақ қою, қашықтық іс-шаралары туралы мағлұматтар жинау

қашықтықтан семинарларға, конференцияларға қатысуға коммуникациялық технологиялар құралдарын (электрондық пошта, чат, форум, блог, skype және т.б.) пайдалану арқылы кәсіби қатынас жасауға, арналған медиатека ресурстарын пайдалану мақсатында жүзеге асырылады. Қашықтықтан өзара

әрекеттестіктің негізгі әдістері ретінде өзара әрекеттестіктің интерактивтілігі мен білім беру порталының дидактикалық және функционалдық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға жағдай туғызатын жобалық әдістер, рөлдік ситуативтік ойындар айқындалды.

Жұмыстың «Эксперименталды білім беру порталының мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігін арттыруға ықпалы» атты 2.3 тармағында мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігін ұйымдастыру тәжірибесі қарастырылды. Диссертациялық зерттеу жұмысын жүргізу барысында мұғалімдердің кәсіби виртуалды бірлестігі қызметінің тиімділігін эксперименттік тексеру жүргізілді. Эксперименттің іздену және даярлық кезеңі 2006 мен 2008 жылдар аралығындағы мерзімді қамтыды. Ол білім беру порталын құру жұмыстарын ұйымдастырумен, жыл сайынғы тамыздағы педагогикалық кеңестің Интернет-версияларын жүргізумен, Ұлттық ақпараттандыру орталығында мұғалімдердің бейнеконференцияларын, семинарлар, сауалнамалар жүргізумен және Moodle платформасы негізінде білім беру порталын құрумен байланысты болды. Осы кезеңде порталда электрондық курстар жасалынып, «Қазақстан тарихы», «Физика», «Алгебра», «Геометрия» және тағы басқа пәндер бойынша ақпараттық ресурстар, тесттік жүйе жасалынды. Бұл кезеңде білім беру порталына қатынас жасаушылар туралы мәліметтерді талдау барысында үш жылда қатысушылар санының үш еседен астам артқаны байқалды, қатысушылардың географиясы кеңейтілді, білім беру порталындағы мұғалімдердің қызметі де белсенді бола бастады.


Эксперименттің тексеру кезеңінде <http://moodle.nci.kz> білім беру порталындағы мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігін сынақтан өткізу 2008 жылдың қаңтарынан 2010 жылдың маусым айы мерзіміндегі уақытты қамтыды. Мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестік кезіндегі қызметінің тиімділігі келесі критерийлермен бағаланды: білім беру порталындағы ақпараттық-білім беру ресурстарының қажеттілігі; портал жағдайындағы қашықтықтан өзара әрекеттестікке қатысушыларының саны мен географиясы; портал жағдайындағы қашықтықтан өзара әрекеттестік қатысушыларының белсенділігі; білім беру порталы жағдайындағы виртуалдық қызмет пен қашықтықтан өзара әрекеттестікке қатысушылардың құлшынысы. Мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестік тиімділігіне жүргізілген тексерудің нәтижелері жоғарыда аталған критерийлер бойынша 2 кестеде көрсетілген.

2 кесте – Мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігінің тиімділігін айқындаудың жиынтық кестесі

Ресурстар	Критерийлер			
	Интернет ресурстардың қажеттілігі	Қатысушылардың саны мен географиясы	Қатысушылардың белсенділігі	Қатысушылардың құлшынысы
1	2	3	4	5
Медиатека				
Құжаттар (8)	245	130		

2-ші кестенің жалғасы				
1	2	3	4	5
Мақалалар (26)	170	450	Порталға күніне 20-80 қатысушылар кіреді	Әріптестермен қатынас жасау, тәжірибе алмасу, өзіндік даму, әдістемелік білімін жетілдіру, сұрақтарға білікті мамандардан жауап алу
Сілтемелер (34)	420	360		
Әдістемелік материалдар және т.б.(370)	630	540		
Электрондық курстар (38)	580	280		
Тематикалық форумдар, чаттар, сауалнамалар (27)	300	520		

Эксперимент уақытында порталға 1780 тұрақты субъектілер тіркелді. Оның ішінде 260 шетелдік субъектілер тіркелген болса, 1520 Қазақстанның субъектілері (430 оқытушылар мен мұғалімдер). Олардың географиясы 5 және 6-шы суретте көрсетілген. Сонымен қатар, 6025 адам қонақ ретінде порталға кірген.




Сурет 5 – Порталға кірушілердің географиясы


Зерттеу барысында белгіленген критерийлер бойынша білім беру порталында мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігінің өсу

динамикасын 7 суреттен көруге болады.

2007 және 2010 жылдары мұғалімдер арасында білім беру порталының ресурстарын пайдаланатын және оның қызметінің дамуы мен мұғалімдердің өзара әрекеттестігінің даму динамикасын анықтадық.



Сурет 6 – Қазақстан бойынша порталға кірушілердің географиясы



Сурет 7 – Білім беру порталында мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігінің өсу динамикасы

Тексеру барысында білім беру порталының қатысушылары арасында танымалдылығы, бірлестіктің білім беру ресурстарының қажеттілігі айқындалды, порталға келушілердің аясының кеңдігі, өз контенттерін жасауға белсенділігі байқалды. Алайда белсенді қатысушылардың географиясы аса жоғары деңгейде емес. Бұл мұғалімдердің білім беру порталының мүмкіндігін өздерінің кәсіби қызметіне, қашықтықтан өзара әрекеттестіктеріне пайдалануға

даярлықтарының жеткіліксіздігін көрсетеді, соның салдарынан осы зерттеудің нәтижелерін таратудың қажеттілігі туындап отыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Білім беру порталы жағдайында мұғалімдердің өзара әрекеттестік әдістемесін жасау мақсатында жүргізілген жұмыстар бізге төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

– мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестіктің түрлері бойынша жіктемесі мен білім беру порталы жағдайындағы іс-әрекетін құрылымдау мен мазмұнын анықтау тұрғысынан мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестікті анықтау білім беру порталы жағдайында мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігінің ғылыми негізі болып табылады.

– білім беру порталында интерактивті кері байланысты қамтамасыз ететін өзара әрекеттестіктің әртүрлі әдістері мен білім беру порталы контентінің динамикалығын ескеретін мұғалімдердің қашықтықтан өзара әрекеттестігінің моделі жасалынды;

– білім беру порталы жағдайында мұғалімдердің іс-әрекеттік негізде жасалынған қашықтықтан өзара әрекеттесу әдістемесі білім беру порталының интерактивтілігін, кері байланысты қамтамасыз ететін өзара әрекеттестіктің әртүрлі әдістері мен білім беру порталы контентінің динамикалығын ескеріп, мұғалімдердің қашықтықтан кәсіби тиімді өзара әрекеттестігін қамтамасыз етеді.

Осы диссертациялық жұмыстың проблематикасы мұғалімдердің кәсіби дайындығын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму деңгейіне сәйкестендіру мақсатында білім беру порталының шеңберінде мұғалімдердің өзара әрекеттестігін ұйымдастыру мәселелерін бұдан ары зерттеудің қажеттігін көрсетеді.

ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ МАЗМҰНЫ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ БАСЫЛЫМДАРДА ЖАРИЯЛАНДЫ:

1 Мектеп сайттарын жасау әдістемесі: Оқыту әдістемелік құрал – Алматы, 2010. – 30 б. (авторлық бірлестікте Г.Қ.Нұрғалиева, А.І.Тажиғұлова).

2 Методика создания школьных сайтов: Уч.-мет. пособие. – Алматы, 2010. – 30 б. (авторлық бірлестікте Г.Қ.Нұрғалиева және т.б.).

3 Білім беру порталдарын жасау әдістемесі: Оқыту әдістемелік құрал – Алматы, 2010. – 45 б. (авторлық бірлестікте Г.Қ.Нұрғалиева және т.б.).

4 Методика создания образовательных порталов: Уч.-мет. пособие. – Алматы, 2010. – 45 б. (авторлық бірлестікте Г.Қ. Нұрғалиева және т.б.).

5 Теоретические аспекты использования в образовании свободного программного обеспечения //Межд. научн.-практ.конф. «Инновации в образовании на основе информационно-коммуникационных технологий» – Усть-Каменогорск, 2009. – Б. 115-118 (авторлық бірлестікте О.К. Туенбаев).

6 Свободное программное обеспечение приложения для образования, культуры и доступа к информации: Уч.-мет. пособие. – Алматы: Кластерное

бюро ЮНЕСКО в Алматы, 2009. – 122 б. (авторлық бірлестікте Ж.Куленов, Ш.Когабай).

7 О взаимодействии учителей в условиях образовательного портала //Вестник Павлодарского государственного университета им. С.Торайгырова. – 2009. – № 4. – Б. 164-173 (авторлық бірлестікте Ж.К. Нурбекова).

8 Туенбаева Қ.Т. MOODLE – қашықтан оқыту жүйесі //Бастауыш мектеп. – 2009. – № 6. – Б. 64-66. (авторлық бірлестікте Г.Б.Таутаева).

9 Еркін бағдарламалық жасақтама. Білім беруге, мәдениетке және ақпаратқа қатынас құруға арналған қосымшалар // Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан бойынша Алматы қаласындағы ЮНЕСКО Кластерлік кеңсесі. – Алматы, 2009. – 120 б. (авторлық бірлестікте Ж.Куленов және Ш.Когабай).

10 The project UNESCO «Expansion of Open and Distance Education delivery in Kazakhstan». – Almaty, JSC NCI, 2008. – 30 p. (co-authors Nurgalieva G. and others).

11 Особенности взаимодействия субъектов образовательного процесса при электронном обучении // Мат. межд.научн.конф. молодых ученых студентов и школьников «VII Сатпаевские чтения» – Павлодар, 2007. –Б. 233-239 (авторлық бірлестікте Ж.К.Нурбекова, Д.С.Майдисарова).

12 Болашақ информатика мамандарын тәжірибелік-бағытталған оқыту //Ұлт тағлымы – 2007. –№1(2). – Б. 20-22.

13 Практикум по программированию сетевых приложений на низком уровне: Уч.-методическое пособие – Алматы, 2006. – 107 б. (авторлық бірлестікте Ж.К.Нурбекова).

14 Оқу үрдісінде оперативті-диспетчерлік басқарудың бағдарламасын жасау мәселелері //Сб. научн. ст. IV Международного форума: «Информатизация образования Казахстана и стран СНГ» – Алматы, 2006. – Б. 164-165. (авторлық бірлестікте Ж.К.Нурбекова, Ж.О.Туенбаева).

15 Білімді ақпараттандырудың маңызды факторы – Интернетке шығу //«Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың» IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 2006. – Б.373-375. (авторлық бірлестікте Г.Б. Таутаева).

Резюме

Туенбаева Калима Толеубаевна

Методика дистанционного взаимодействия учителей в условиях образовательного портала

13.00.02 – Теория и методика обучения и воспитания
(информатизация в системе начального, среднего и высшего образования)

Интенсивно набирающая темп информатизация общества предполагает интеллектуализацию профессиональной деятельности каждого человека, в том числе и учителей общеобразовательной школы. Виртуальная коммуникация обладает мощным потенциалом как средство методического роста учителей, как механизм обмена педагогическим опытом, так как предоставляет широкие возможности для интерактивного дистанционного взаимодействия субъектов образовательного процесса. Поскольку профессиональным информационным пространством призван служить образовательный портал, то дистанционное взаимодействие учителей следует рассматривать в условиях образовательного портала.

Однако недостаточный уровень организации и методического обеспечения дистанционного взаимодействия учителей в условиях образовательных порталов определяют актуальность данного исследования.

Цель исследования: теоретическое обоснование и практическая реализация методики дистанционного взаимодействия учителей в условиях образовательного портала.

Объектом исследования: процесс дистанционного взаимодействия учителей в условиях образовательного портала.

Предмет исследования: методические основы дистанционного взаимодействия учителей в условиях образовательного портала.

В соответствии с поставленной целью и выдвинутой гипотезой были определены следующие **задачи исследования:**

-определить основные тенденции в области создания и развития образовательных порталов как инфокоммуникационной среды дистанционного взаимодействия учителей;

-разработать модель дистанционного взаимодействия учителей в условиях образовательного портала;

-разработать методику дистанционного взаимодействия учителей в условиях образовательного портала и экспериментально проверить ее эффективность.

Ведущая идея исследования. Разработка методики дистанционного интерактивного взаимодействия субъектов в условиях образовательного портала, учитывающей предоставление обратной связи, динамическое наполнение и

продвижение контента образовательного портала, будет способствовать повышению эффективной организации дистанционного взаимодействия учителей как одного из факторов их методического роста в условиях информатизации образования.

Научная новизна исследования:

– Определены научные основы использования образовательного портала как инфокоммуникационной среды дистанционного взаимодействия субъектов образовательного процесса.

– Обоснована модель дистанционного взаимодействия учителей в условиях образовательного портала, учитывающая интерактивные методы взаимодействия, предоставление обратной связи, динамическое наполнение и мобильность контента образовательного портала.

– Разработана методика дистанционного взаимодействия учителей на деятельностной основе в условиях портала как инфокоммуникационной среды.

Теоретическая значимость исследования заключается в обогащении теории и методики информатизации образования новыми знаниями о дистанционном взаимодействии учителей с позиции классификации видов взаимодействия, структурирования и определения содержания их деятельности в условиях образовательного портала.

Практическая значимость исследования заключается

- в разработке методики дистанционного взаимодействия на основе модели, учитывающей различные методы взаимодействия, индивидуализации, предоставления обратной связи, динамического наполнения и мобильности содержания образовательного портала;

- в разработке портала «Modular object Oriented Digital Learning Environment (MOODLE) <http://moodle.nci.kz> Национального центра информатизации как инфокоммуникационной среды дистанционного взаимодействия учителей;

- в разработке программы тренинговых курсов для учителей по использованию Интернет-технологий;

- в организации профессионального педагогического сетевого сообщества.

Перспективу исследования мы связываем с тем, что дальнейшего изучения требуют вопросы взаимодействия учителей в конкретной области знаний, проблемы взаимодействия учителей и учеников, учителей и родителей в условиях образовательного портала.

Summary

Tuyenbayeva Kalima Toleubayevna

Methods of remote interaction of teachers in the conditions of an educational portal

13.00.02 - Theory and Methods of Teaching and Training
(Informatization in initial, secondary and higher education system)

Intensively accelerating informatization of a society assumes intellectualization of professional work of each person, including teachers of secondary schools. Virtual communications possess powerful potential as means of methodical growth of teachers, the pedagogical experience exchange mechanism as gives great opportunities for interactive remote interaction of subjects of educational process. As educational portal is intended to serve as professional information (virtualized) space, remote interaction of teachers should be considered in the conditions of an educational portal.

However, insufficient level of the organization of remote interaction of teachers in the conditions of the educational portal, insufficient methodical maintenance of remote interaction of teachers in the conditions of dynamic development of information-communication technologies define an urgency of the given research.

The aim of research is the theoretical substantiation and practical realization of methods of remote interaction of teachers in the conditions of an educational portal.

Object of research: an educational portal as information-communication environment of remote interaction of teachers.

Subject of research: remote interaction of teachers in the conditions of an educational portal.

In consistent with assigned aim and hypothesis following research problems have been defined:

- analyze pedagogical researches in the field of creation and development of educational portals;
- investigate an educational portal as information-communication environment for realization of remote interaction of teachers;
- develop the model of remote interaction of teachers in the conditions of an educational portal.
- develop methods of remote interaction of teachers in the conditions of an educational portal.
- experimentally prove efficiency of methods of remote interaction of teachers in the conditions of an educational portal.

The main idea of the research – develop the methods of remote interaction of subjects in the conditions of the educational portal, considering various methods of interactive interaction, feedback granting function; dynamic filling and advancement of

a content of an educational portal is a primary factor of the effective organization of remote interaction of teachers as conditions of their methodical growth in the conditions of education informatization.

Scientific novelty of the research:

- Developed scientific bases of remote interaction from a position of classification of kinds of interaction, structurization and definition of activity maintenance of subjects of educational process in the conditions of a portal.

- Designed the model of remote interaction of teachers in the conditions of the educational portal, considering various methods of interaction, feedback granting function, dynamic filling and mobility of a content of an educational portal.

- Developed the technique of remote interaction of teachers on the basis of their activities.

- The theoretical significance of research is to enrich the theory and a technique of informatization of education by new knowledge of remote interaction of teachers from the position of classification of interaction kinds, structurization and definition of the maintenance of their activity in the conditions of an educational portal.

The practical value of the research concluded

- in development methods of remote interaction on the basis of the model considering various methods of interaction, an individualization, feedback granting function, dynamic filling and mobility of the content of an educational portal;

- in development of «Modular Object Oriented Digital Learning Environment (MOODLE) <http://moodle.nci.kz> portal of the National Center of Informatization as information-communication environment for remote interaction of teachers;

- in development of program of trainings for teachers on use of Internet technologies;

- in organizing of professional pedagogical network community.

The prospect of the research we connect with demand of further studying questions of interaction of teachers in concrete field of knowledge, problem of interaction of teachers and pupils, teachers and parents in the conditions of an educational portal.